

Жасыл желек көбейеді

Өскемендегі "Таза Қазақстан" саябағында 5000-нан астам ағаш отырғызылады

Өңірде "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық бағдарламасын жүйелі түрде жүзеге асыру жалғасуда. Жуықта аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектеновке жұмыстың аралық нәтижелері туралы баяндады.

Оның сөзінше, жыл басынан бері өңірдегі экологиялық жиындарға 330 000-нан астам адам, 19 000 ерікті және 300 кәсіпорын мен ұйым қосылды. Осы кезеңде елдімекендерде кең көлемді абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, саябақтар, алаңдар, аулалар, әлеуметтік нысандар, ескерткіштер және тоғандар тазартылды. Одан бөлек, ондаған мың тонна қалдықтар шығарылды.

Анықталғандай, облыс елдімекендерінде ондаған мың ағаш отырғызылды.

– Өскемендегі "Таза Қазақстан" экопаркі дамып келеді. Онда 5000-нан астам ағаш отырғызылады деп күтілуде. Сонымен қатар Өскемен, Ұлан және Глубокое аудандарында жаңа экологиялық саябақтар құру жобалары жүзеге асырылуда, – деді әкім.

Нұрымбет Сақтағановтың айтуынша, қаланы абаттандыруға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Облыс орталығында аулаларды жөндеу,

ойын, спорт және футбол алаңдарын салу, саябақтарды, қоғамдық бақтарды және қала жағажайын жөндеу жобалары жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ көппәтерлі үйлердің қасбеттері жаңартылуда. Риддер мен Серебрянскіде қоғамдық орындар қайта жөндеуден өтіп жатыр.

Экологиялық білім беру де назардан тыс қалмады. Аймақтағы білім беру мекемелерінде экологиялық сабақтар, форумдар, байқаулар және тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. Ал жазда мектеп оқушылары экскурсияларға, жаяу серуендерге, экспедицияларға және эко-квесттерге барады. Облыста тоғыз "Жасыл балабақша" мектепке дейінгі ұйымдары да жұмыс істейді.

Өңір тұрғындары абаттандыру қажеттіліктерін шешу үшін @TazaQazBot цифрлық платформасын белсенді пайдаланады.



– Шығыс Қазақстан облысында "Таза Қазақстан" бағдарламасын іске асыру жұмыстары жалғасады және үнемі бақылауда болады, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Айта кетейік, жыл басынан бері "Таза Қазақстан" аясында елде 1 млн-нан астам

ағаш отырғызылып, 4 млн-нан астам адамның, оның ішінде 510 мың еріктінің қатысуымен 200-ден астам экологиялық іс-шара өтті.

Өз тілшіміз

Ауыл туризмін дамыту – ауқымды жұмыс

ШҚО-да iCaravan платформасының арқасында ауыл туризмі қарқын алып келеді

Өңірде туристерді өз үйлерінде қабылдайтын ауыл тұрғындарының саны арта түсті. Бұған ауыл туризмін дамытуға бағытталған iCaravan платформасы сеп болып отыр. Жоба саяхатшыларға қазақ ауылының тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.



Бүгінде бастамаға өңірдегі 30 отбасы қосылған. Олар бір мезетте 250-ден астам қонақты қабылдай алады. Жобаға қатысушылардың қатары жыл сайын көбейіп келеді.

Жобаның басты ерекшелігі сол, туристердің қонақүйге емес, жергілікті тұрғындардың үйіне орналасуы. Үй иелері қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынып, салт-дәстүрді таныстыра-

ды, аймақтың көрікті жерлерін көрсетіп, ауыл өмірінің ерекшеліктерімен бөліседі. Бұл саяхатшылар үшін нағыз Қазақстанды тануға мүмкіндік болса, ауыл тұрғындары үшін қосымша табыс көзіне айналып отыр.

Жоба аясында Катонқарағай ауданының туристік әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл бағыттағы жұмыстарға Шығыс Қазақстан облысы әкімінің кеңесшісі Сұлтанбек Сыздықов қолдау көрсетіп, ауданның туристік мүмкіндіктерін ілгерілетуге атсалысып келеді.

iCaravan платформасының негізін қалаушы Талғат Әлидің айтуынша, жоба арқылы саяхатшылар Қазақстанның мыңдаған ауылын және олардың бірегей табиғи әрі мәдени орындарын танып-біле алады.

– Катонқарағайдың бүгінгі тәжірибесі ауыл туризмінің жергілікті халыққа нақты пайда әкеліп, өңірдің шетелдік және отандық туристер үшін тартымдылығын арттыра алатынын көрсетіп отыр, – деді ол.

Платформа әзірлеушілері Шығыс Қазақстан облысының тұрғындарын жобаға қосылуға шақырады. Егер үйіңізде қонақ қабылдауға мүмкіндік болса, iCaravan платформасында тіркеліп, туристерді қабылдау арқылы қосымша табыс табуға болады.

Ал туристер үшін қызметті пайдалану өте оңай: iCaravan мобильді қосымшасын жүктеп, ұнаған қонақ үйін таңдап, брондауға өтінім беру жеткілікті.

Осылайша, қарапайым сапар адамдармен, ұлттық дәстүрмен және Шығыс Қазақстанның көркем табиғатымен етене таныстыратын ерекше саяхатқа айналады.

Естеріңізге сала кетейік, "Kazakh Tourism" ҰК" АҚ өткізген "Үздік туристік ауыл" ұлттық байқауының қорытындысы бойынша Катонқарағай ауданындағы Берел мен Коробиха ауылдары үздік деп танылған болатын.

Ақпарат және фотосурет:
ШҚО әкімінің баспасөз қызметі

ХАБАРЛАНДЫРУ

"MQ EMIRATES GROUP Ltd" жеке компаниясы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Жоба атауы: "Кендірлік көмірлі-сланецті алаңы №1 кен орнында пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары мен оларды жоюдың болжамды құны есептеуге арналған ықтимал әсерлер туралы есеп".

Жоба атауы: "Кендірлік көмірлі-сланецті алаңы №1 кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына кешенді экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген материалдар".

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 10 тамызда сағат 10:00-де және 11:00-де келесі мекенжай бойынша өтеді: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Абай көшесі, 70 (Мәдениет үйі).

Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47°28'31.4" N, 84°52'34.6" E. Нысанның орналасқан мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Зайсан қаласынан шығыс-оңтүстік-шығыс бағытта 40 км.

Географиялық координаттары: 47°18'0.72" N, 85°19'17.92" E. Бейнеконференция өткізу платформасы: Zoom <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2VzC0hL9eD6ulUoBshWM3bUvqsMaw.1>

ZOOM конференциясының идентификаторы: 644 645 7885.Құпиясөз: z84RkY.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналысты өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы – "MQ EMIRATES GROUP Ltd" жеке компаниясы, БСН 241140900418. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 5/1-үй, тұрғын емес үй-жай 1. Тел.: 8 (707) 742-36-57, e-mail: srs_ali@mail.ru (mailto:srs_ali@mail.ru).

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – "Elementa" ЖШС, БСН 231040011222. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қорғалжын тас жолы, 25-үй, 36-пәтер. Тел.: 8 (707) 122-12-99, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru (mailto:aliya_alaguzova@mail.ru).

Жоба құжаттамасы электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/contacts?lang=ru>.

Қосымша ақпаратты sevekosfera@inbox.ru (<mailto:sevekosfera@inbox.ru>) электрондық поштасы немесе 8 (7152) 46-77-56 телефоны арқылы алуға болады.

Қоғам және мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық түрде жолдай алатын жергілікті атқарушы органның пошталық және электрондық мекенжайы: ndbecology.gov.kz сайтында және Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, e-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz мекенжайы: Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі, 19, тел.: 8 (7232) 25-75-46.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Частная компания "MQ EMIRATES GROUP Ltd", в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: "Отчет о возможных воздействиях к плану ликвидации и расчету приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче на месторождении Кендерлык угольно-сланцевое поле №1".

Наименование проекта: "Материалы для получения комплексного экологического разрешения к плану горных работ на месторождении Кендерлык угольно-сланцевое поле №1".

Общественные слушания состоятся 10.08.2026 г. в 10.00 и 11.00 часов по адресу: ВКО, Зайсанский район, Сарытерек с.о а.Сарытерек, ул. Абая 70 (дом культуры).

Территория воздействия: Республика Казахстан, ВКО, Зайсанский район.

Географические координаты территории воздействия: 47°28'31.4"N 84°52'34.6"E

Адрес расположения объекта: ВКО, Зайсанский район, в 40 км к восток-юго-востоку от г. Зайсана

Географические координаты: 47°18'0.72"C, 85°19' 17.92"E

Платформа для видеоконференции: Zoom <https://us05web.zoom.us/j/6446457885?pwd=b2VzC0hL9eD6ulUoBshWM3bUvqsMaw.1> 1 Идентификация конференции ZOOM: 644 645 7885. Пароль: z84RkY

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности – Частная компания MQ EMIRATES GROUP Ltd., БИН 241140900418. юр. адрес: РК, г. Астана, район Сарыарка, проспект Жеңіс, дом № 5/1, нежилое помещение 1, тел.: 8 (707) 742-36-57, e-mail: srs_ali@mail.ru.

Разработчиком проектной документации является ТОО "Elementa", БИН:231040011222, юр. адрес: РК, г. Астана, НҰРА р-н, ул. шоссе Коргалжын, дом 25, кв 36, тел.: 8 (707) 122-12-99, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru.

Адрес интернет ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/contacts?lang=ru>.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу sevekosfera@inbox.ru и по телефону: 8 (7152) 46-77-56.

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, на которые общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме: на сайте ndbecology.gov.kz и ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области": d.babakanova@akimvko.gov.kz, г.Усть-Каменогорск қ., ул.К.Либкнехт 19, тел. 8 (7232)257546